

"Қабылданған халықаралық міндеттемелер шенберінде өңдеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын, өңдеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің, сондай-ақ оларды сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушысының 2022 жылғы 1 тамыздағы № 314-НҚ бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 20 ақпандағы № 102-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2024 жылғы 22 ақпанда № 34032 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қабылданған халықаралық міндеттемелер шенберінде өңдеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын, өңдеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің, сондай-ақ оларды сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 1 тамыздағы № 314-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28994 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Отандық өндөлген тауарларды және көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша қабылданған халықаралық міндеттемелер аясында өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Уәкілетті орган төлемдер кестесіне сәйкес шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институтының (бұдан әрі – Оператор) ағымдағы шотына осы Қағидалар шенберінде өтініш берушілердің шығындарының бір

бөлігін кейіннен өтеуге дейін өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсынуға көзделген қаражатты аударады.";

7-тармақ мынадай редакциядағы 3-1) және 3-2) тармақшаларымен толықтырылсын:

"3-1) қабылданған халықаралық міндеттемелер шеңберінде, осы Қағидаларға сәйкес өндеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ оларды сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу арқылы өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну бойынша уәкілетті органға қызметтер көрсетеді;

3-2) қабылданған халықаралық міндеттемелер шеңберінде, осы Қағидаларға сәйкес өндеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ оларды сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу арқылы өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну кезінде өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері қабылдайтын қарсы міндеттемелердің мониторингін жүзеге асырады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өндеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің, сондай-ақ оларды сыртқы нарықтарға ілгерілету жөніндегі шығындар ішінара өтелетін ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4043-1-жолмен толықтырылсын:

"

4043-1	070310	Жас және салқындағын түйнекті пияз, шалот пиязы, сағымсақ, порей пиязы, басқа да пияз тәрізділерге жататын көкөністер	Төменгі
--------	--------	--	---------

".

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Экспортты ілгерілету департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық 2024 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министри

A. Шаккалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бәсекелестікті қорғау және

дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Каржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК